

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Мукашева Айым Дауылбайқызы



Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Тақырыбы: “Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі”

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру. Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешімен тығыз байланысын арттыру. Балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, сауалнама, ойын, психологиялық жаттығулар.

Көрнекілік: қалам,стикер,қағаз,суреттер,лента,майшам, музыка жазылған үн таспа

Күн тәртібі:

Тренинг бағдарламасы:

- Танысу жаттығуы
- Топқа бөлу
- Ситуациялық сұрақтар
- “Жанұя ойыны”сергіту жаттығуы
- “Ашығын айтсам”анкетасы
- Қорытынды.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!

Тобымызда ұйымдастырылған кезекті

ата-аналар жиналысына қош
келдіңіздер. Азамат баласының ең
негізгі мақсаты- дүниеге келген
ұрпағының болашағына
жауапкершілікпен қарау.

Бүгінгі біздің жиналысымыздың
тақырыбы: “Бала тәрбиесіндегі ата-
ананың рөлі”.

1.Танысу жаттығуы.

Ата-аналар ортаға шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар? Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне сондықтан бұл шеңберді шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз. Мына лентаны ұстап аты-жөнімізді айтып, соған сын есім қосып айтып, келесі адамға жылы лебімізді білдіреміз. Мысалы: менің атым Айым-айдай, ажарлы. Мен сізге әркез достықта болайық дегім келеді- деп лентаны қолымызға ұстап келесі ата-анамызға жалғаймыз. Жалғай-жалғай келе үлкен достық шеңбері шығады. Міне осындай үлкен достықта, лентадай берік, ажырамастай, тату, бірлікте болайық.

2.Топқа бөлу.

Енді ата-аналар, “Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ ” демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр , жапырақ,діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата-аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңді таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп,топтан бір адам шығып қорғайсыздар(әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады. Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар, Діңгекті таңдағандар берік,мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты,әсемдікті,ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата-аналар мына үлкен қағазға “тамыр тобы”-тамырды, “діңгек тобы”-діңгекті, “жапырақ тобы”-жапырақты саламыз. (музыкалық сүйемел, қалам-қағаздар).

Тәрбиешілеріңізге деген талап-тілектеріңізді “тамыр тобы”-тамырға, “діңгек тобы”-діңгекке, “жапырақ тобы”-жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры-ата-ана, діңгегі-тәрбиеші, жапырағы-балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.



3.Ситуациялық сұрақтар.

Ата-аналар үстел үстінен үлестірмелі қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

- Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
- Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер, мысалы:түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,.....деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасызба?
- Сізге балабақшадағы тәрбиешіден “Сіздің балаларыңыз басқа балаларды ұрады” деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата-аналардан да “Біздің баланы ұрды” деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
- Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс-әрекетіне көңілі толмай: “Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың”,-деп айтып жататыны байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
- Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
- Балаңыз қандайда бір теріс іс-әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

4. “Жанұя ойыны” сергіту жаттығуы

- Балаңыздың туған күні?
- Тәрбиешісінің толық аты-жөні?
- Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
- Балаңыздың сүйікті асы қандай?
- Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
- Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?

Енді құрметті ата-аналар мен сіздермен шағын ойын ойнағым келіп отыр. Тақырыбы: “Айтпасада түсінікті”

Ойын шарты: әр топтан тоб басшылары шығып қағазда көрсетілген суреттерді өз тобына іс-қимыл арқылы көрсетеді.

1-топ: айна, балмұздақ, шоколад

2-топ: нан, чупа-чупс, киндер

3-топ: кока-кола, машина, спанжбоп.



Келесі ойын “**Лабиринт**”. Ойын шарты: лабиринт сызылған матаның үстіне 100теңге қойып, топ мүшелері матаны керіп тұрады. Жылжытусыз лабиринттен шығу керек.

5. “Ашығын айтсам” анкетасы.

Менің тренинг барысында түйгенім...

Бәріненде маған мына жаттығу ұнады.....

Келесі тренингте мен келесі жайыттарды

білгім келеді.....

Тренингті қорытындылау.....



6.Қорытынды

Ата-анаға көз қуныш,
Алдына алған еркесі,
Көңіліне көп жұбаныш.



Гүлденіп ой-өлкесі,-деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: “Отбасында берілген тәрбие жігерінді құм қылып, жерге қаратпасын десең балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер”,-деп ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. “Тілек шамы” жаттығуын бір-бірімізге тілек айту арқылы тренингімізді аяқтаймыз.

"БІЗ БІРГЕМІЗ!!!"



The background is a colorful, abstract composition with a sunburst or starburst pattern radiating from the center. The colors transition from cool blues and greens on the left to warm oranges, yellows, and pinks on the right. Several birds are depicted in flight: two white birds with black silhouettes on the left, and two black birds with white silhouettes on the right. The overall effect is bright and celebratory.

Жақсы ілтипатпен

жүздескенше күн жақсы болсын!

